

ЖШС «Гауһар Тас-2» балабақшасы

***ЖШС «Гауһар Тас-2»
балабақшасының
2023-2024 оқу жылына арналған
әдістемелік бірлестік отырысы***

2023-2024 оқу жылы

№1 Әдістемелік бірлестік отырысы

ЖШС «Гайһар Тас-2» балабақшасында 31.08.2023 жылы күні кезекті әдістемелік бірлестік отырысы өтілді.

Қатысуға тиіс-5 педагог-тәрбиеші
Қатысканы-5 педагог-тәрбиеші

Күн тақырыбы:

Тақырыбы: Балабақшада технологияны қолдану.

1. Әдістемелік бірлестіктің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысын талдау.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру.
5. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Азиева Әсем Темірбайқызы сөз алды. Педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап табыс тіледі. Сонымен бірге алдағы жұмыс жоспарларға тоқталды. Биылғы оқу жылында айтарлықтай өзгерістер жоқ. Биылғы өзгеріс экологиялық тәрбие беру жоспарға алынып отыр. Мақсаты: балалардың экологиялық білімін тереңдету, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу, жердегі барлық тіршілік иесіне жауапкершілік көзқарасын қалыптастыру. Перспективалық жоспар туралы №412 бұйрықтағы, яғни бағдарлама негізінде әр айға сәйкес перспективалық жоспар жасалды.

Циклограмма толтыру тәрбиешінің негізгі құжаты болып табылады. Яғни әр тәрбиеші өзі балаға қалай қызықты іс-әрекет өткізу туралы міндеттерге қарай отырып циклограмма құрады. Барлық міндет бағдарламадағы міндеттерге сай жасалады. Тақырыптың болуы міндетті емес. Тәрбиеші мына 3 құжатты дайындауы тиіс:

1. Перспективалық жоспар
2. Циклограмма
3. Балалардың дамуын айқындайтын мониторинг.


Мектепке дейінгі ұйымдағы бағдарламаға сай әр топтың міндеттерін тәрбиеші өзіне шығарып алу арқылы циклограмма құрастырып, көрнекіліктері мен ойындарын алдын ала дайындап алады. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланып бекітілді. Барлық педагог-тәрбиешілер бірлесіп жұмыс жасайды. Келесі нормативтік құқықтық құжаттардың жаңадан қосылған бөлімдерінің барлығы ашылып қаралды. Барлық нормативтік құжаттармен таныстық. Түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін жасау қолға алынды. Тәрбиешілер балаларға жеке жұмыстар, бірлескен жұмыстар, топтық ойындар, кимылды ойындар, дидактикалық ойындар ойнату арқылы және түрлі технологияларды пайдалану арқылы балалардың деңгейін анықтауға жұмыстар жүргізіліп жатыр. Балалардың сөздік, тілдік қорларын молайтуға түрлі ертегі кітаптар арқылы, сурет арқылы, әңгімелеу арқылы балаларға еркіндік беріп, бақылау жүргізуде.

Педагогтердің өз білімін жетілдіру мақсатында түрлі баспасөзге, газетке мақалалар жариялау және балаларды түрлі жарыстарға, іс-шараларға қатыстыру қолға алынып отыр.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді

1. Әдістемелік бірлестіктің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысын талдау және жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру.
3. Педагогтердің өз білімін жетілдіру.
4. Балабақшадағы тәрбие жұмыстарының және жоғарыда аталған жұмыстардың жүргізілуі әдіскер Азиева Әсемге жүктелді.

Балабақша меңгерушісі  Ешмағанбет Т.



№2 Әдістемелік бірлестік отырысы

ЖШС «Гауһар Тас-2» балабақшасында 17.11.2023 жылы күні кезекті әдістемелік бірлестік отырысы өтілді.

Қатысуға тиіс-7 педагог-тәрбиеші
Қатысқаны-7 педагог-тәрбиеші

Күн тақырыбы:

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу».

Тыңдалды: Әдіскер Азиева Әсем Темірбайқызы сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті-ойын болып табылады. Балалар айналасындағы құбылыстарды, заттарды, қоршаған ортаны барлығын ойын арқылы танып біледі. Баланың ойын үстінде бір затқа бейімділігі, қызығушылығы, мүмкіндігі анық байқалады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу туралы Зәкірова Алтынай баяндама оқиды. Баяндамада әр түрлі ойындар туралы, ойынның түрлері және жас ерекшелігіне сай екендігі туралы айтылады. Баяндаманы педагогтар қызыға тыңдайды. Осы баяндама негізінде тәрбиешілер 3-4, 4-5 жас аралығында түрлі ойындар картотекасын әзірлеп көрсетеді. Ойындардың мақсаты, ойынның барысын, қандай құралдар керектігін оқып, сол жерде талдап, көрсетіп қызу пікірталас болды. Ересек және ортаңғы топ ойындарының картотекасы өте керемет деп бағалансын. Алдағы уақытта тәрбиешілерге ізденіс керектігін және басқада дидактикалық ойындардың түрлерін даярлау керектігін, балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілуін қадағалау тапсырылсын.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді

1. Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасының әзірленуін қадағалау әдіскер Азиева Әсемге жүктелсін.



Балабақша меңгерушісі:

Ешмағанбет Т

№3 Әдістемелік бірлестіктің отырысы

ЖШС «Гауһар Тас-2» балабақшасында 24.02.2024 ж. күні кезекті әдістемелік бірлестіктің отырысы өтілді.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Балабақша меңгерушісі: Ешмағанбет Тұрсынай Батырбекқызы

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Коммуникативтік дағды бойынша ересек топта сөздік ойындар ұйымдастыру

«Күншуақ» ересек тобының тәрбиешісі Қолдасбаева Гауһар коммуникативтік дағды бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетті.

Тақырыбы: «Ұлттық мұра – қазынам»

Мақсаты: Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою-өрнектері мен халықтық әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру.

Тәрбиеші ұйымдастырған іс-әрекетін шаттық шеңберінен бастап, балаларға такпақтар айтқызды. Содан соң оюлардың түрлерін көгілдір экраннан тамашалатты.

Тіл ұстарту жаттығулары жасалды. Қол моторикасын дамыта отырып, топтық, үстел үсті ойындарын ойнатты. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында тәрбиеші өз мақсатына жете білді.

Тәрбиеші Еркін Таншолпан өз пікірін білдірді. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет барысы өте қызықты болғандығын айтты.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

Тәрбиеші Қолдасбаева Гауһардың ұйымдастырылған іс-әрекеті өз дәрежесінде жақсы өтілді., «өте жақсы» деп бағалансын.

Төрайымы:

Хатшы:



Ешмағанбет Т.Б.

Азиева Ә.Т.

№4 Әдістемелік бірлестіктің отырысы

ЖШС «Гауһар Тас-2» балабақшасында 25.05.2024 ж. күні кезекті әдістемелік бірлестіктің отырысы өтілді.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Балабақша меңгерушісі: Ешмағанбет Тұрсынай Батырбекқызы

Күн тәртібі

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы.
2. Педгогтердің өз білімін жетілдіру бойынша есебі.
3. Жаңа 2024-2025 оқу жылының міндеттерін анықтау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ешмағанбет Тұрсынай әдістемелік кеңесті қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Азиева Әсем 2023-2024 оқу жылының жүргізілген жұмыстары бойынша сөз сөйледі. Онда барлық топтардың құжаттары тексеріліп өткізілгені туралы және ол құжаттар арнайы сарапталып тапсырылатынын айтты.

Екінші мәселе бойынша педагогтер өз білімін жетілдіру бойынша түрлі курстарға, түрлі сайыстарға қатысты.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілерге алдағы 2024-2025 оқу жылында ауыстыратын топтарына жөндеу жұмыстарын жасау ұсынысын тастады. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1. Барлық құжаттар әдіскерге тапсырылсын.
2. Педгогтер өз білімін жетілдіру бойынша курстарға қатыссын.
3. Алдағы уақытта жаңа 2024-2025 оқу жылының жоспары, міндеттері құрылсын. .

Төрайымы:

Хатшы:



Ешмағанбет Т.Б.

Азиева Ә.